

Кімге: Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары Комитетіне

Кімнен: Қызылорда облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлімі басшысы Мусаев Өмірбек Темірбекұлы

Орындалған күні: 24.10.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Зерттеу тақырыбы: Қызылорда облысы көлемінде жол құрылысы және жол жөндеу жұмыстарына талдау.

Кілт сөз: Республикалық бюджет, бағдарламалар, жол қауіпсіздігі, бюджеттік бағдарламалар.

Кіріспе: Қызылорда облысында жол құрылысы соңғы жылдары қарқын алуда. Жол инфрақұрылым – ел экономикасының дамуына ықпал ететін негізгі салалардың бірі.

Бұл ретте өңірде жол сапасын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Қызылорда облысы аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – **3580,5 км** құрайды. Оның **1014,5 км** республикалық, **555 км** облыстық, **2011 км** аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

2024 жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы **43,3 млрд. теңге** бөлініп, ұзындығы **300 км** жуық құрайтын автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдерін жөндеуден өткізілуде.



Жол жөндеу жұмыстары төмендегі бағдарламалар аясында қаржыландырылады:

1. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы;

2. «Жалпы сипаттағы трансферттер» бағдарламасы;
3. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы;
4. «Кіші қалаларды дамыту» бағдарламасы;
5. «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы;
6. Облыстық бюджеттен.

Соңғы жылдары Қызылорда облысының жол инфрақұрылымы саласында оң динамика қалыптасып, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде. Мәселен, **2020-2024** жылдар аралығында жергілікті жолдардың деңгейін жақсарту мақсатында бюджеттен жалпы құны **85,2 млрд.теңге** қаржы бөлініп, ұзындығы **2 126 км** құрайтын автомобиль жолдары, көпір өткелдері және көшелерді қайта жаңғырту жүргізілді.

Осы ретте, Мемлекеттік бағдарламалар аясында облыстағы жол саласын дамытуға республикалық бюджетке **55,6 млрд теңгенің 88 жоба** ұсынылды.

2024 жылға нақтыланған **48 жобаның 17,1 млрд теңгесі** қолдау тауып, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі **2023 жылы 87,5 %** құраса, **2024 жылы 92%** жеткізу межеленіп отыр.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында еліміздегі автожол құрылысына, оның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беру керектігін айтқан болатын.

Осыған сәйкес, 2025 жылға дейін жергілікті маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейін **95 пайызға** дейін жеткізу көзделді.

Қазіргі таңда ұзындығы **300 км** құрайтын автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

2020-2024 жылдары **2 126 шақырымы** автомобиль жолдары мен қала, кент және елді мекендер көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, осы жылдар ішінде облыс аумағында **16 көпірге** жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді.

2020-2024 жылдар жолдарды дамытуға бөлінген қаражат бойынша мәлімет



2024 жылдың 8 айының қорытындысымен Қызылорда облысында жол-көлік оқиғалары **56,2 %-ға (306-тен 478-ге)** өскен. Оның ішінде жарақат алғандар саны **60,5%-ға (385-тен 618-ге)** жоғарыласа, қаза тапқандар саны **2,6%-ға (76-ден 74-ға)** төмендеген.


Жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі, яғни **303 (139)** оқиға облыс орталығында, аудандық елді мекендерде **106 (75)** оқиға, халықаралық жолдарда **51 (50)** оқиға, жергілікті жолдарда **18 (33)** оқиға тіркелген.



Жол көлік оқиғаларын алдын алу мақсатында облыс әкімдігімен бірқатар жұмыстар атқарылды.

Облыс аумағындағы жол-көлік оқиғаларын алдын алу мен жол жүрісі қауіпсіздігін арттыру жөніндегі және **2024-2025 жылдарға** арналған білім беру ұйымдарының жол-көлік инфрақұрылымдарын жол қауіпсіздігімен қамтамасыз ету жоспары бекітілді.

Бүгінгі күні, қалалық және аудандық бюджеттерден **95,0 млн. теңге** қаралып, **61 дана** жасанды тегіс еместік, **346 дана** жол белгісі, **199 км** жол жолақтары, **88 жаяу** жүргіншілер жолағы сызылып, **38 дана** «Абайлаңыз балалар!» макеттері қойылды.



Сондай-ақ, жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында барлығы **1400 дана** камералар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге орнату жоспарланған.


19 дана жол жүрісі қозғалысының автоматты түрде анықтайтын интеллектуалдық қиылыс камерасы. **58 дана** стационарлы жылдамдық өлшегіш құрылғысын орнату жоспарланған.

Қазіргі таңда, Қызылорда қаласының **100 жерге** қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бейне бақылау камералары және **10 жерге** стационарлы жылдамдық өлшегіш қондырғылары орнатылды.

Орнатылған «Сергек» қондырғыларының жұмысының тиімді немесе тиімсіздігіне талдау жүргізіп, талдау нәтижесі оң болған жағдайда «Сергек» қондырғыларының санын ұлғайту жоспарлануда.



Сонымен қатар, автомобиль жолдарында үй жануарларымен соқтығысу оқиғаларының алдын алу мақсатында М-32 «Самара – Шымкент» республикалық маңызы бар автомобиль жолының **1817-2055,5 км** аралығына (238,5 км) үй жануарларынан қорғау қоршаулары орнатылуда.



Облыстың экономикалық дамуына әсер ететін негізгі фактордың бірі – республикалық маңызы бар жолдардың сапалы жүргізілуі.

Бұл ретте Қызылорда облысын еліміздің орталығымен байланыстыратын «Қызылорда-Жезқазған» күре жолының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» күре жолы біраз жылдардан бері күрмеуі шешілмей келген, халықтың арасында біраз талқыға салынған мәселелердің бірі болды. Ел Президенті Қ.Тоқаев «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының құрылысын мерзімінде бастауды және сапалы әрі халыққа қолайлы жағдай жасауды тапсырған болатын.

Осы орайда аймақ басшысының тікелей қадағалауымен республикалық маңызы бар жолдың құрылысы қарқынды жүруде. Сыр өңірін еліміздің орталық бөлігімен жалғайтын күре жолдың жалпы ұзындығы – **424 км** құрайды. Ал Қызылорда облысының аумағындағы автомобиль жолының ұзындығы – **216 км.** құрайды. Жоба құны - **108,5 млрд. теңгені** құрайды.

Қазіргі таңда республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының 190 шақырымына абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, іске асырылып жатыр. Бүгінгі күні құрылыс көрсеткіші жақсы деңгейде деп айтуымызға болады. Аталған жолдың сапалы әрі қанағаттанарлық деңгейде орындалуы үшін бекітіліген жоспарға сәйкес орындалып жатыр. Құрылыс жұмыстары 2025 жылы аяқталады деп жоспарлануда,

Бұл жоба - Ресей Федерациясын Орта Азия мемлекеттерімен, Қазақстан Республикасының оңтүстік, солтүстік және орталық аймақтарымен байланыстырады.

Барлығы **424 км** құрайтын жолды жөндеу нәтижесінде тәулігіне көлік айналымы **1500 данадан 6000-ға** дейін, жолаушылар саны **3000 адамнан 17 000-ға** дейін, жүк тасымалы көлемі **700 тоннадан 3000 тоннаға** дейін артады.

Сондай-ақ Қызылордадан Астана қаласына дейінгі жол жүру уақыты **6 сағатқа** қысқарады. (*15 сағаттан 9 сағатқа дейін*).

Қорытынды

Жол сапасын бағалау бағытында «Ұлттық жол активтері сапасы орталығымен» **433,4 млн.теңге** көлемінде келісім-шарт жасалып, жолдардың сапасы үнемі қадағалануда.

Пайдаланылған деректер, әдебиеттер:

1. Қызылорда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар басқармасының ресми сайты.
2. «ҚазАвтоЖол» АО ҰҚ ресми сайты.